| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | “№372 бастауыш мектеп”КММ |
| **Пәні:** | **Қазақ тілі** |
| **Бөлім:** | Менің отбасым және достарым |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Салахиева А.Т |
| **Күні:** | 15.10.2024ж |
| **Сынып:** | **2 “Б”сынып** |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **№ 27сабақ. Дауыссыз л мен р. Б. Момышұлы.** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу<br>2.4.1.4* дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу |
| **Сабақтың мақсаты** | Л,р әріптерінің жазылу емлесін біледі<br>Дереккөздерден мәлімет табуды үйренеді |
| **Құндылықтар және оның мақсаты:**<br>Ай құндылығы:ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ<br>Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау | Сабақ құндылығы: БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ<br>Командада жұмыс істей білу<br>Апта дәйексөзі: Отанды сүю отбасыңнан басталады |
| **Сабақтың барысы** | |

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақтың басы***<br>5 минут | **Психологиялық ахуалды жақсарту**<br>«Менің қалпағым» әдісі<br>**Өткенді пысықтау.** “flippity” платформасы арқылы оқушылардан өткен сабақты пысықтап шығамыз. | Сабаққа дайындық жасап, жақсы тілектер тілейді. | Мақтап, мадақтап отыру | Суреттер |
| Өткенді пысықтау<br>5 минут | **Үй тапсырмасы** 38-жаттығу<br>Сөздерді топтастырып жаз.<br>Бүршік көлігі<br>Жиек тірлігі<br>Кірпік еңбегі<br>Киік бүйрегі<br>Тілек үйрегі<br>Түлек көйлегі | Үй тапсырмасын тексертеді | Дескриптор:<br>Сөздерді топтастырып жазады-1б<br>Сөздердің неге өзгергенін айта алады-1б<br><br>ҚБ:<br>« Медаль» әдісі | Жұмыс дәптері |
| ***Сабақтың ортасы***<br>20 минут | **Тақырыпты ашу “Әріпті”** жұмбақ арқылы бүгінгі тақырыпты ашамыз.<br>Лақта бар,<br>Ешкіде жоқ.<br>Лашықта бар,<br>Үйде жоқ. (Л)<br>Қарғада бар,<br>Көкекте жоқ.<br>Сырғада бар,<br>Моншақта жоқ.(Р)<br>-Жұмбақ шешуі қай дыбыстар туралы болды?<br>-Л, р дыбыстары қандай дыбыстар? | Тақырыпты ашады |  | оқулық |
| | **Жаңа тақырып**<br>**40-жаттығу.** Мәтінді мәнерлеп оқы. Сұрақтарға **квест “Ханшайымды құтқар”** ойыны арқылы жауап береді:<br>-Мәтін не туралы? | Сөздерді салыстырады | Дескриптор:<br>Мәтінді мәнерлеп оқиды-1б<br>Мәтінде қарамен жазылған сөздердің айтылуы мен жазылуын | оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | -Мәтін неше бөліктен тұрады?<br>-Бауыржанның әкесі қандай адам болған?<br>-Мәтінде қарамен жазылған сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыр.<br>**Көркем жазу минуты**<br>Л Л Л Л л л л л л<br>Р Р Р Р Р р р р р р | | салыстырады-1б | Жұмыс дәптері<br>оқулық |
| | **41-жаттығу. Сөздерді көшіріп жаз.**<br>Лашын,лебіз,лайық,лезде,лағыл,рең,рәсім разы,рауғаш,раушан.<br>*Сөз басындағы л, р дыбыстарының айтылуына назар аудар.<br>*Сөздердің мағынасын сөздіктен оқып түсіндір. | Дәптермен жұмыс жасайды | Дескриптор:<br>Сөздерді көшіріп жазады-1б<br>Сөз басындағы л, р дыбыстарының айтылуына назар аударады-1б | Таратпа парақша |
| | **Жұптық жұмыс. “D-ID” платформасы арқылы жүргізіледі.**<br>Лашын,рең,разы сөздеріне дыбыстық талдау жасату. | Жеке жұмыс жасайды | | Қимылдар |
| Сергіту сәті<br>2 минут | **Ережені оқып, түсініп ал.**<br>**ЕБҚ**<br>Л мен Р әріптерін көркем жазу.<br>Wordwall платформасы арқылы дауыссыз дыбыстардың түрлерін пысықтап аламыз. | Жаттығулар орындайды | Бауыржандай ұлы бол!<br><br> | Суреттер |
| ***Сабақты қорыту*** **6**минут | **Сергіту сәті:** «Нейрожаттығулар» әдісі<br>**Топтық жұмыс.** Қай сөздерде “ы” және “і” әріптері артық жазылған?<br>Лашын,ілебіз,ілгіш,ылайық,ілезде, ылауазым,ыраушан,ылақ,ірет,ылай,лас, ыразы. | | | |
| Қосымша тапсырма 2минут | **Шығармашылық тапсырма**<br>**43-жаттығу** «Спикер» әдісі<br>Сурет бойынша әңгіме құрастыр<br>Құрастырған әңгімеңді сыныптастарыңа айтып бер<br>Үлгі:<br>Менің отбасым өте тату. Демалыс күні бәріміз үйде боламыз.Атам домбыра тартады.Қарындасым қуыршақпен ойнайды.Әкем екеуміз шахмат ойнаймыз.Әжем тоқыма тоқиды.Анам тамақ пісіреді. | Әңгімелеу жасайды | Дескриптор:<br>Сурет бойынша әңгіме құрастырады-1б<br>Құрастырған әңгімеңді сыныптастарыңа айтып береді-1б | Жұмыс дәптері |
| | **Үй тапсырмасы 42-жаттығу**<br>Мақалдарды оқып,көркем жаз.<br>1.Еңбек түбі -рақат<br>2.Жомарт қолға аспандағы лашын қонады<br>**ҚЖ:** «Буын ұйқас» ойыны<br>**Буын ұйқас**<br>Ра-ра-ра – Айжан шашыңды тара<br>Ра-ра-ра – козыға жақсы қара.<br>Ры-ры-ры – мінген атым торы<br>Ры-ры-ры – жинап алдым тары.<br>Ар-ар-ар – далада қалың қар<br>Ар-ар-ар – үйге жылдам бар.<br>Ыр-ыр-ыр – жаттап алдым жыр<br>Ыр-ыр-ыр – айтылмайды сыр. | Үй тапсырмасын алады<br>Рдыбысын қою және машықтандыру жұмысын жасайды | Дескриптор:<br>Мақалды оқып, жатқа жазады-1б<br>Л, р әріптерінің астын сызады, айтылуы мен жазылуын салыстырады-1б | Таратпа материалдар |
| Кері байланыс<br>5 минут | «padlet»платформасы арқылы балалар өздерінің сабақтан алған әсерлерін тақтаға жазады. | Кері байланыс жасайды | «padlet» платформасы | Кері байланыс тақтасы |

Тексерілді А.Абдраманова